



## ХАЛЫҚТЫҢ ПІКІРІМЕН САНАСПАЙ, ІСІМІЗ АЛҒА БАСПАЙДЫ

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғанына биыл алты жылдан астам уақыт өтті. Бұл біреулер үшін аз, біреулер үшін көп уақыт боп көрінгенімен, қоғамның бағыт-бағдарын белгілеп, дамуын айқындауға жеткілікті кезең.

Оны Президент былтырғы жолдауында да атап өтіп: «Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді» деген еді. Өйткені әділдік туралы сөз болған кезде қоғамтанушылар арасында сот органдарының қызметі ең бірінші боп аталады. Сондықтан Ұлттық статистика бюросының жылына екі рет жүргізетін сот жүйесі органдарына респонденттердің сенімділік дәрежесі бойынша сәуір-мамыр айларында жүргізілген зерттеуінің қорытындысын асыға күткендер елімізде ғана емес, шет елдерде де аз болған жоқ.

Өйткені былтырғы қазан-қараша айларындағы зерттеуде халықтың сот жүйесі органдарына сенімі сәуір-мамыр айларындағы зерттеумен салыстырғанда 61,8-ден 62 пайызға, ішінара сенетіндері 25,9-дан 27,1 пайызға өскені байқалған. Сондай-ақ сенбейтін сияқтымын деп екі ойлы боп жүргендері 3,4-тен 3 пайызға, сенбейтіндері 2,9-дан 2,7 пайызға, жауап беруге қиналатындары 6-дан 5,2 пайызға төмендеген еді. Бұл жолы сенетіндер 60,5 пайызды, ішінара сенетіндер 28,5 пайызды, сенбейтін сияқтымын деп пікір қосқандар 3,1 пайызды, сенбеймін дегендері 2,3 пайызды, жауап беруге қиналғандары 5,6 пайызды құрап отыр.

Былырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда сенбейтіндер 2,9-дан 2,3 пайызға, сенбейтін сияқтымын деп күмәнданатындар 3,4-тен 3,1 пайызға, жауап беруге қиналатындар 6-дан 5,6 пайызға азайғанымен, ішінара сенетіндер 25,9-дан 28,5 пайызға өскен. Сондай-ақ сот жүйесі органдарына деген сенім 61,8-ден 60,5 пайызға төмендеген.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫҢ ТҮЗЕЛУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ



2025 жылы 10 қаңтарда ел Президенті Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Енгізілген толықтырулардың барлығы бір мезгілде емес, әртүрлі уақытта қолданысқа енеді.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

## СУДЬЯ МІНБІРІ

# Салық дауларында нені ескерген жөн?

Салық даулары – салық салудың нақты мәселелері бойынша дауласушы тараптар арасында туындайтын және соттан тыс тәртіппен жоғары тұрған салық және уәкілетті органдарда немесе сот тәртібімен соттарда реттелуге жататын жария-құқықтық даудың бір түрі.

Салық дауына қатысты әкімшілік істер бойынша даулау нысаны салық органдарының әкімшілік актілері, сондай-ақ лауазымды адамдардың өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде жасаған әрекеттері танылады. Әкімшілік іс жүргізудің міндеті – әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін тиімді қорғау және қалпына келтіру, сондай-ақ қоғамдық-құқықтық қатынастарда бұзылған немесе дау туды-

рған құқықтарды қорғау (ӘРПК-нің 5-бабының 2-тармағы).

Әкімшілік істерде салық даулары бойынша көбінесе салық органдарының әкімшілік актілері, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың атқарушы салық органының: тексеруді тағайындау туралы, салық берешегін өтеу туралы шешімдеріне, тексеру нәтижелері туралы хабарламаға, көлденең мониторинг нәтижелері туралы

хабарламаға, сондай-ақ салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағымдана алады.

Тану туралы талап бойынша салық төлеуші салық органының заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актісін заңсыз деп тануды талап ете алады. Мұндай жағдайда сот талап қоюшының талабы бойынша ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні, егер ол бұрын жойылған болса немесе оның күші өзге тәсілмен (оның орындалуын қоса алғанда), оның ішінде оның қандай да бір

бөлігінде күші жойылған болса, заңсыз деп тануға құқылы.

Салық кодексінде дауды сотқа дейінгі міндетті реттеу белгіленбеген, бірақ салық төлеушінің өз қалауы бойынша салық органдарының шешімдері мен әрекеттеріне шағымданудың балама тәртібі белгіленген.

Салық кодексінің 96-бабының 4-1-тармағына сәйкес, салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағымдануы оны жоғары тұрған салық органына және уәкілетті органға немесе сотқа тапсырған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Салық органының әкімшілік актісіне дау айту туралы талап-арыз Әкімшілік акт тапсырылған күннен бастап бір ай ішінде, ал шешімге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалған жағдайда – шағымды қарайтын органың шешімі тапсырылған күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Салық кодексі салық органдары әкімшілік актілерінің жекелеген

түрлеріне шағымдану үшін арнайы мерзім белгілейді. Мәселен, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдану үшін оны тапсырған күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішіндегі мерзім көзделген. Жоғары тұрған салық органына немесе сотқа камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағым беру оны тапсырған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама бойынша уәкілетті органға шағымдану мерзімі хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күнін құрайды. Сотта салық органдарының шешіміне қарсы шағымдардың көпшілігі:

- салықтық тексеруді тағайындау туралы;
- салықтық тексеру нәтижелері туралы;

(Жалғасы 2-бетте)

3-бет



Жаңа оқу жылына дайындық қалай?

4-бет



Судья - төрелік етуші ғана емес, тәрбие беруші

8-бет



Диктатордың сәтсіз «ИДЕТІ»

СУДЬЯ МІНБЕРІ

# Салық дауларында нені ескерген жөн?

(Соңы. Басы 1-бетте)

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы;  
- салық берешегін өтеу туралы берілген.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2025 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде Ақмола облысының ЖБТЖ салық органдарына 291 әкімшілік талап қою келіп түскен. Оның 188-і шешім шығарумен аяқталған, қанағаттандырылған талап қоюлардың үлесі 72 немесе 38%-ды құрайды, 17 іс бойынша жеке ұйғарымдар шығарылды. Дәлелдеу ауыртпалығы салық органына іс бойынша жауапкер ретінде жүктелген. Салық органы жауапкер ретінде даулы әкімшілік актіде айтылған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.

Салық органдары өз актілерін негіздеу кезінде салықтық әкімшілендіру шеңберінде алынған жазбаша дәлелдемелерді ұсынуға тиіс. Талап қою келесі негіздер бойынша қанағаттандырылған:

1) салықтық тексеру жүргізу немесе оны тіркеу туралы нұсқаманың құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында болмауы мұндай тексерудің және оның нәтижелері туралы актінің жарамсыздығына әкеп соғады;

2) тексеру нысанасы, оның кезеңі, жіберілген бұзушылықтар, оларды жою жолдары, кезеңді көрсете отырып, салық есептілігін ұсыну және салықтар мен бюджетке төлемдер төлеу жолымен, тыңдауға дейін алдын ала шешіммен таныстырылуы керек;

3) салық органының заң шығарушының әкімшілік рәсімдерге қойылатын талаптарын бұзуы,

әкімшілік рәсім ӘРПК 10-тарауында баяндалған кодекс нормаларына сәйкес келуі, өтініш берушінің дәлелдерін зерттеудің толық болмауы, тыңдау хаттамасы кәсіпкерлік субъектілеріне түсіндіре отырып, ӘРПК-нің 74-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс;

құқықты түсіндірмеуі және іске асырмауы салық төлеушінің құқықтарын өрескел бұзу болып табылады және әкімшілік актінің күшін жоюға әкеп соғады.

Сот тәжірибесінен байқалғандай, кәсіпкерлік субъектісі ұйғарымның күшін жою туралы салық органына



4) ресімдеудің электрондық тәсілі кезінде әкімшілік актілерде лауазымды адамның ЭЦҚ болмауы;

5) әкімшілік актіде қолдың болмауы (құжатты ресімдеудің және тапсырудың электрондық тәсілі кезінде ЭЦҚ) не актіні қабылдаған сәтте оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адамның қолының болуы, бұл әкімшілік актіні қабылдау тәртібін елеулі түрде бұзу болып табылады, бұл мұндай актіні заңсыз деп тануға және оның сөзсіз күшін жоюға әкеп соғады;

6) салық органының әкімшілік актіні шығарған оның әкімшілік актіге жоғары тұрған салық органына және сотқа шағымдану құқығын түсіндірмеуі, шағым беру тәртібі мен мерзімдерін түсіндіре отырып, бұл

талап қоюмен сотқа жүгінген. Талап қоюшының дәлелдері салық органы әкімшілік рәсімді жүргізу тәртібінің, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуына негізделген.

Жоғары тұрған салық органы серіктестікке қатысты жоспардан тыс тақырыптық салықтық тексеруді тағайындау туралы бұйрық шығарғаны және 2020 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде серіктестіктің КТС және ҚҚС бойынша салық міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша облыстың салық органына тексеру жүргізу тапсырылғаны іс материалдарынан анықталған.

Облыстың салық органы ұйғарым шығарды, прокуратураның

Құқықтық статистика органдарында тіркелді. Жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізуге ұйғарым шығару туралы алдын ала шешімге тыңдау рәсімі жүргізілді, нәтижелері бойынша тыңдау хаттамасы жасалды. Онда серіктестік өкілінің айтылған бұзушылықтармен келіспейтіні көрсетілген. Әрі қарай нұсқама мен тексеру парағы табысталған. Комитет серіктестіктің шағымын қарау қорытындысы бойынша шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы алдын ала шешім шығарған.

Кәсіпкерлік кодексінің 155-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сай, бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде нұсқамаға шағымдануға құқылы. Хабарламада серіктестіктің атына тыңдау күні мен уақыты туралы хабарланды, жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізу туралы нұсқама түрінде қабылданған алдын ала шешім туралы көрсетілді, бұл ретте алдын ала шешімнің өзі Серіктестік өкіліне тапсырылмады. ӘРПК-нің 74-бабы 2-бөлігінің 4), 5) тармақшаларына сәйкес, тыңдау хаттамасында: қаралатын мәселенің мазмұны, түсіндірмелердің, сұрақтар мен жауаптардың, қатысушы адамдардың сөйлеген сөздерінің мазмұны көрсетіледі.

Сот тыңдау хаттамасының мазмұнын зерделеген кезде қаралатын мәселенің нақты мазмұнын анықтау мақсатына емес, тексерудің нақты нысанасын, тексерілетін тексеру кезеңін көрсетпей, серіктестікке қатысты уәкілетті органның шешімі негізінде жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізу туралы ғана көрсетілген. Бұдан басқа, тыңдау хаттамасында көрсетілген бұзушылық фактілерімен келіскен жағдайда серіктестіктің салық есептілігін ұсыну және бюджетке салықтар мен төлемдер төлеу жолымен бұзушылықтарды өз бетінше жоюға құқығы бар. Келіспеген жағдайда комитеттің бұйрығына сәйкес жоспардан тыс салықтық

тексеру тағайындалады. Сонымен қатар, салық органы серіктестікке салықтық тексерудің нысанасын, тексеру кезеңін, оның ішінде салық органы белгілеген бұзушылық фактілерін, сондай-ақ оған қандай кезең үшін қандай есептілікті ұсыну қажет екенін, яғни өзін-өзі жою жолдарын жеткізген жоқ.

Тыңдау хаттамасында жоғарыда көрсетілген мәселелердің мазмұны, сондай-ақ түсініктемелердің, сұрақтар мен жауаптардың, сөз сөйлеулердің мазмұны жоқ. Серіктестік өкілі бұл ережені бұзушылықпен келіспейтінін, оны хаттамада жазғанын айтқан.

ӘРПК-нің 74-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қатысушы рәсімдер және әкімшілік рәсімге қатысатын өзге де адам тыңдау хаттамасына олар әкімшілік істерді қарау үшін маңызды деп санайтын нақты мән-жайлар туралы мәліметтерді енгізу туралы өтінішхат беруге құқылы. Соттың тыңдау хаттамасын зерделеуі тыңдау рәсімі ресми түрде жүргізілді деген қорытындыға келді, бұл рәсім әкімшілік рәсімде тараптардың жариялылығы қағидатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және серіктестіктің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қозғайтын алдын ала шешім қабылдауға әсер етеді.

Салық даулары бойынша татуласуға 16 іс бойынша қол жеткізілген, сот медиация туралы келісімдерді бекіту кезінде салық органы әкімшілік қараудың шегінен аспағанын және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарға сәйкес келетіндігін анықтады, өйткені салық төлеуші даулайтын салық органының әрекеттері салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомаларын даулауға байланысты емес.

**Лаззат Вазирова,**  
**Ақмола облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

БІЛГЕН ЖӨН

Эксаумақтық соттылық – мемлекеттің өз аумағынан тыс жердегі азаматтық-құқықтық қатынастарға сот билігін қолдану құқығы. Басқаша айтқанда, бір мемлекеттің соты басқа елде пайда болған азаматтық дауды қарастыра алады. Негізгі ерекшелігі азаматтық істерде эксаумақтық соттылық көбіне келісім негізінде жүзеге асады. Яғни, тараптар өзара шартта қай елдің сотында дау шешілетінін алдын ала келісіп қояды. Бұл халықаралық келісім-шарттық қатынастарда кең таралған тәжірибе.

## Эксаумақтық соттылықтың тиімділігі зор

Азаматтық процестік кодекстің 32-бабына сәйкес, тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алады, эксаумақтық соттылықты тандай алады.

Тараптар келісімшартта қай мемлекеттің соты қарауға құқылы екенін өздері тандайды. Мысалы, қазақстандық компания мен шетелдік компания келісімшартта «барлық даулар Қазақстан Республикасының сотында қаралады» деп көрсете алады.

Жауапкердің орналасқан жері бойынша, егер шетелдік тараптың Қазақстанда мүлкі немесе өкілдігі болса – сот ісі Қазақстанда қаралуы мүмкін.

Ерекше соттылық жылжымайтын мүлікке қатысты даулар сол мүліктің тұрған жері бойынша ғана қаралады. Даулы жағдайларда халықаралық келісімдер мен ұлттық заңдар қолданылады. Қазақстанда бұл Азаматтық процестік кодексте және «Халықаралық жеке құқық туралы» заңда бекітілген.

Азаматтық істердегі эксаумақтық соттылықтың мәні мен пайдасы біріншіден халықаралық сауда мен инвестицияны жеңілдетеді, тараптардың құқықтық сенімділігін арттырады, дауларды алдын ала келісілген әділ сотта шешуге мүмкіндік береді.

Эксаумақтық соттылық – қазіргі замандағы азаматтық айналымның ажырамас бөлігі. Ол мемлекеттердің ашық экономикасы мен халықаралық қатынастарды құқықтық қорғаудың кепілі болып саналады.

**Марат ШИНГАЛИЕВ,**  
**Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

ОҢ ҚАДАМ

## «Сот кабинеті» – заманауи шешім

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сот жүйесі цифрландыру бағыты бойынша белсенді түрде дамып келеді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – азаматтардың сотқа жүгінуді жеңілдетіп, әділ сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осы орайда «Сот кабинеті» сервисі – халық пен сот арасындағы алтын көпір іспетті, уақыт пен ресурсты үнемдейтін тиімді құралға айналып отыр.

«Сот кабинеті» – ҚР Жоғарғы Соты әзірлеген электронды ақпараттық жүйе. Ол азаматтар мен заңды тұлғаларға, адвокаттар мен мемлекеттік органдарға сотқа қағаз жүзінде бармай-ақ, онлайн режимде талап арыз, өтініш, шағым жолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, іске қатысты құжаттармен танысып, сот отырыстарының күн тәртібін бақылап, шығарылған сот актілерін жүктеп алу функциясын да атқарады. Яғни бұл сервис сот өндірісінің ашықтығын арттырып, тараптардың уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Сотқа жүгінудің үшін пайдаланушы ЭЦҚ арқылы немесе бір реттік SMS кодпен жүйеге кіріп, қажетті бланкті таңдап, құжаттарын тіркейді. Барлық процесс онлайн жүргізіледі, бұл әсіресе шалғай өңір тұрғындары үшін аса қолайлы. Бұрынғыдай сотқа бару үшін ұзақ жол жүріп, кезек күтіп отырудың қажеті жоқ – барлығы бір терезе принципімен жүзеге асады. Электронды өтініш беру тәртібі ҚР Азаматтық процестік кодексінің 119-бабында бекітілген.



«Сот кабинеті» сервисінің тағы бір артықшылығы – істердің электронды архивте сақталуы. Соның арқасында сот құжаттары жоғалмайды, кез келген уақытта қайта қол жеткізуге мүмкіндік бар. Сонымен қатар, электронды өтініштер процестік мерзімнің қысқаруына, бюрократиялық кедергінің азаюына және адами факторлардың әсерін төмендетуге септігін тигізіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда «Сот кабинеті» – заманауи, ыңғайлы, қауіпсіз және қолжетімді құрал.

**К.КАРАГУЛОВА,**  
**Ақтөбе облысы Темір аудандық соты әкімшісі басшысы**

ПӘРМЕН

## Төрелік алаңындағы тәртіп ортақ

Сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты негізінде сот отырыстары мейлінше ашық өтіп жатыр. Кез келген іске қызығушылық танытқан тұлғаның процеске қатысуға мүмкіндігі бар.

Алайда ашық сот отырысына бақылаушы ретінде қатысқан адамдардың немесе іс бойынша тараптардың судьяға қарсы сөз сөйлеп, тіл тигізіп жататын жағдайлары да кездеседі. Мұндай теріс әрекет үшін тиісті жауаптылық заңмен қарастырылған.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандайда бір араласуға жол берілмейтіні, сотқа немесе судьяға құрмет білдірмеу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатыны Конституцияның 77-бабында және «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңда көзделген. Сотты құрметтемеу бойынша әкімшілік жауаптылық Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабында көрсетілген. Қылмыстық кодекстің 410-бабында да да сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан және судья мен алқаби

мүшелерін қорлаудан көрінген сотты құрметтемеу фактісі үшін қылмыстық жауаптылық белгіленеді. Бұл әрекеттер айыппұл салуға, түзеу немесе қоғамдық жұмыстарға тартуға, қамаққа алу жазасын қолдануға түрткі болады. Әрбір сотқа қатысушы процеске қатысқанда тек өзіне ғана емес, өзгеге де құрмет көрсетсе, қоғамның құқықтық мәдениеті жоғарылар еді.

**Э.ЖУРХАНОВА,**  
**Атырау облысы Мақат аудандық соты әкімшісінің бас маманы**

КӨКЖИЕК

# Жаңа оқу жылына дайындық қалай?

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Отырыста тиісті сала басшылары жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Биылғы оқу жылында 11 800 мектепке дейінгі ұйымда 1 млн-нан астам бала тәрбиеленіп, білім алады. Жыл басынан бері балабақшаларды ваучерлік қаржыландыру қанатқақты жобасы 20 қала мен 7 ауданда сәтті іске асырылған. Осы кезеңде 461 мың ваучер беріліп, балабақшадағы кезек 93 мыңға қысқарды. Нәтижесінде, жергілікті бюджеттен 7,7 млрд теңге үнемделді.

«Қыркүйек айынан бастап, жылдың соңына дейін барлық балабақша кезек-кезеңімен толықтай осы ваучерлік қаржыландыру жүйесіне өтеді. Ал 135 балабақшада 7 мыңнан астам балдырғанның мемлекеттік тілді қолдану дағдысын арттырған «Тілге бойлау» мен ата-аналарға 5 жасқа дейінгі балаларды отбасы жағдайында дамытуға көмекші болған «Беске дейін үлгер» жобалары жаңа оқу жылынан бастап мектепке дейінгі білім беру деңгейіне жаппай енгізіледі», – деді Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев.



Министрдің айтуынша, жаңа оқу жылында орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект енгізіледі. Ол үшін «Цифрлық сауаттылық» пен «Информатика» пәндеріне жасанды интеллект интеграцияланып, этикалық стандарттары бекітілді. 1-11-сынып оқушыларына арналған Дэй-оф-эй-ай («Day of AI») онлайн курстары мен педагогтерге арналған курстар әзірленді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» моделін басқару жүйесі іске қосылады. Осы мақсатта «Келешек мектептерін» басқару мен аккредиттеудің стандарттары әзірленді, онда үш деңгейлі курстардан өткен 3 мыңнан астам

предагог жаңа оқу жылында жаңаша жұмыс бастайды. Биыл мемлекеттік білім гранттары байқауына 113 мыңға жуық өтінім берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 мыңға артық. Ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 93 232 грант бөлінді, оның қатарында 77 084 грант жоғары білім алуға берілді.

«Конкурс қорытындысы бойынша гранттар 99% көлемінде игерілді. 2 500-і Атырау мен Маңғыстау облысының жастарына берілді, 2 004-і «Серпін» жобасына, ал шетелдік жоғары оқу орындары филиалдарында оқуға 2 365, халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балаларға 9,5 мың, қандастарға 2,1 мың грант берілді. Алғаш рет мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға 2 010 білім беру гранты бөлінді», – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Премьер-Министр ведомство басшыларының атқарған ісін саралап, қыркүйек айында 115 мың оқушыға арналған 83 жаңа мектеп ашу жоспарланып отырғанын айтты. Оның қатарында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 57 білім ошағы пайдалануға берілетінін назарға алды. Сөйтіп, олардың толыққанды жұмысқа дайындығын

қамтамасыз ету маңызды міндет екенін еске салды.

«Мектептердегі үш ауысымда оқыту мәселесі де біртіндеп шешімін тауып келеді. Ұлттық жоба шеңберінде еліміздің 9 өңірінде 15 нысанды аяқтау ісін жеделдету қажет. «Самұрық-Қазына» қоры әкімдіктермен бірге нысандардың жаңа оқу жылына дейін пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін», – деді О.Бектенов.

«Ішкі істер министрлігі терроризмге қарсы қорғау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан білім беру нысандарын тексеру жұмысын жалғастыруы қажет. Бүгінде өңірлердегі жекеменшік білім беру ұйымдарының 30%-ға жуығы қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Осыған назар аудару керек», – деді О.Бектенов.

Жаңа оқу жылы қарсаңында мемлекет қолдауына мұқтаж балалардың барлығына дер кезінде материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс. Ол үшін биыл 23 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты көзделген. Бұл кемінде 500 мың баланы әлеуметтік қолдауға мүмкіндік береді. Өңір әкімдері осы жұмысты бақылауға алады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу мақсатында Ақмола облысының дін істері басқармасы ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізіп келе жатыр.

## ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ БЕРІК ҚАЛҚАН



Жыл басынан бері облыстағы теолог мамандар тарапынан 598 профилактикалық іс-шара ұйымдастырылған. Бұл шаралар деструктивті діни ағымдардың радикалды идеяларын әшкерелеу, оған қарсы тұру және олардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған.

– Қазіргі таңда облыста 28 білікті теолог маман жұмыс істейді. Олар тек түсіндірумен ғана шектелмей, діни сауаттылықты арттыруға, радикализмнің алдын алу тәжірибесін жетілдіруге де сүбелі үлес қосуда. Биыл осы бағыттағы мамандардың кәсіби деңгейін көтеру үшін арнайы семинар ұйымдастырылды, – дейді Ақмола облысы дін істері басқармасының басшысы Болат Қасенов.

Облыста дін мәселесі бойынша ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы да қарқынды жалғасуда. Басқарма басшысының дерегіне қазіргі таңда аймақта 202 мүшесі бар 24 ақпараттық түсіндіру тобы қызмет етеді. Оның ішінде – 1 облыстық, 3 қалалық, 17 аудандық, сонымен қатар Көкшетау қаласындағы жоғары оқу орындары жанындағы 3 арнайы топ бар. Тек осы жылдың басынан бері ғана ақпараттық түсіндіру топтарының өкілдері 3675 түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырған. Оған жалпы саны 45 648 адам қатысқан. Солардың ішінде тікелей жастар аудиториясымен жұмыс істеген 475 іс-шараға 15880 жастар тартылғанын атап өткен жөн. Бұл – болашақ ұрпақтың санасына радикализмнің зияны мен қаупін ерте жастан сіңірудің маңызды қадамы.

Заман ақпараттық технологиямен тығыз байланысты болғандықтан, діни

экстремизммен күресте интернет пен әлеуметтік желілердегі жағдайларға да жіті назар аударылады. Облыста «Талдамалық интернет-карта» бағдарламасы тұрақты жұмыс істеп келеді. Бұл жүйе деструктивті сайттарға кірген адамдарды дереу анықтауға мүмкіндік береді. Мониторинг негізінен «ВКонтакте», «Instagram» және «TikTok» желілерінде жүргізіледі.

Ведомство мәліметінше мониторингтік талдау нәтижесінде, «Instagram» мен «ВКонтакте» желілерінде күмәнді сайттарға жыл басынан бері 60574 пайдаланушы кіргені анықталды. Олардың арасындағы қауіпті топтарға тартылған немесе ықпалында болғандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілді. Осы бағдарлама шеңберінде 3078 профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып, 655 адам экстремистік топтардан шығарылған. Бұл – тек сандық көрсеткіш емес, жүздеген адамның өмір жолын дұрыс арнаға бұрған айрықша маңызды әлеуметтік нәтиже десек артық айтқандық болмас.

Ақмола облысында діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу жұмысы тек статистика үшін емес, ең алдымен, әрбір азаматтың бейбіт өмірін сақтау үшін жүргізілуде. Жүйелі түсіндіру жұмыстары, білікті теологтардың еңбегі, ақпараттық түсіндіру топтарының белсенділігі және интернеттегі қауіпсіздік мониторингі – барлығы да ұлттық қауіпсіздіктің мызғымас қалқаны болуға бағытталған.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы



ЭКОЛОГИЯ

## ЕЛДІК МҮДДЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ

Тәу еткен басты құндылығымыз – елдің экологиялық тұрақтылығында, табиғи байлығының көздің қарашығындай сақталуында, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыра алар өміршең экожүйе тазалығында десек қателеспейміз.

Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы, табиғатты қорғау саласында айтарлықтай нәтижелі жұмыс жүргізіп жатқанын атап өткен жөн. Бұл қызмет – тек экологиялық мәселе ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылықтың ажырамас бөлшегі. Өйткені, табиғи ресурстарды сақтай алмаған елдің болашағы да бұлыңғыр. Мәселен биыл инспекция қызметкерлері браконьерлік пен жануарлар дүниесін заңсыз пайдалануға қарсы тиісті жоспармен бекітілген жүйелі іс-қимылға кірісті. Нәтижесінде жыл басынан бері 15 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталды. Бұл деректердің астарында табиғатқа жасалған аса ауыр қиянат қана емес, заңды менсінбеу, ел байлығына сұғына қол сұғу жатыр. Сондықтан әр іс заң аясында қатаң қаралады.

Заңды белден басып өрескел әрекет жасағандар сабасына түсіріліп, жоғарыда аталған төрт жағдай бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143-бабы 1-бөлігі бойынша жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын бұзғандар жауапқа тартылды.

### АҢШЫЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАМАҒАНДАР ЖАЗАСЫН АЛДЫ

Алғашқы іс бойынша заңды бұзғандар жануарлар дүниесін пайдалану рұқсатын беру және пайдалану тәртібін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 390-бабы 2-бөлігіне сәйкес жазаға тартылған. Сондай-ақ, заңсыз түрде тасбақа ұстаған, қасқырдың күшігін иемденген, табиғат еркесі – елікті еріксіз ұстағандар заң алдында жауап беруге мәжбүр болды. Аталған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 176 340 теңге, оның 137 020 теңгесі толықтай өндірілген. Ал табиғатқа келтірілген залал мөлшері 176 940 теңгені құрап, ол да толығымен өтелгені мәлім болды.

Ең маңыздысы – жыл басынан бері ғана инспекция қызметкерлері 308 рейдтік шара өткізіп, браконьерлер жолын кесті. Бұл рейдтер – жай формальді тексеріс емес, түнгі жортуылдар мен алыс ауыл-аймақтарды қамтитын нақты операция екенін атап өткен жөн. Мұндай жұмысқа жергілікті ерікті топтар мен «Байтақ» партиясы белсенділері де атсалысып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосуда.

Биыл Ақмола облысында браконьерлікке қатысты алты қылмыстық іс қозғалған. Оның бесеуі Қылмыстық кодекстің 337-бабы, яғни заңсыз аңшылық фактісі бойынша болса, біреуі – 339-бап (жабайы жануарларды заңсыз ұстау) бойынша құзырлы ор-



ганның тіркеуіне алынды. Екі іс тергеу сатысында тоқтатылғанымен, үш іс бойынша тергеу күні бүгінге дейін жалғасып отыр. Сонымен қатар аумақтық инспекцияның тегеурінді әрі жүйелі жұмысының нәтижесінде бір іс бойынша сот үкімі шықты. Бұл – браконьерлікпен айналысқандарға берілетін жазаның жеңіл болмайтынының айқын көрінісі.

### ОРМАН – ҰЛТТЫҢ ЖАСЫЛ ҚОРҒАНЫ

Табиғатты қорғау тек аң-құсқа ғана қатысты емес. Аң-құсқа пана болған орман да экожүйенің тынысы, елдің жасыл қалқаны десек артық айтқандық болмас. Дегенмен, жасыл желекті жайратып, қалың ағаштың тек түбірін ғана қалдырып кесіп алып кетіп жатқандардың да қатары азаймай тұр. Мәселен тек биылғы жылдың өзінде Ақмола өңірінде ағаш кесуге қатысты заңсыз 9 дерек тіркелген. Жалпы кесілген ағаш көлемі – 97,72 м<sup>3</sup> құрап, залал мөлшері – 883 312 теңгеге жетіп жығылды.

– Жыл басынан бері өңірде орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда 65 мәрте тексеріс жүргізілген. Олардың 33-і – жоспардан тыс болса, 32-сі – жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Жүргізілген тексерістер нәтижесінде 81 әкімшілік іс қозғалып, 4 063 700 теңге көлемінде айыппұл салынды. Бүгінде аталған айыппұлдың бәрі өндіріп алынды, – дейді Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

**Р.С. Браконьерлік пен заңсыз ағаш кесу – тек экономикалық шығын ғана емес, ұрпақтың табиғи мұрасын кеміту. Мемлекетіміздің «Жасыл Қазақстан» саясатының да түпкі мәні – осы. Табиғатты сақтауға жұмсалған әр күш – болашақтың кепілі. Ендеше, табиғатты қорғау тек заң талабы ғана емес, әрбір азаматтың жүрек қалауынан туатын азаматтық борышы екенін естен шығармасқ дейміз.**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Қазақстанда әкімшілік әділет институтының енгізілуі құқықтық жүйеде жаңа кезеңнің бастамасы болды. Бұл өзгерістер 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте айқындалды.

## Судья - төрелік етуші ғана емес, тәрбие беруші

Әкімшілік әділет жүйесінің ерекшелігі – азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дауды қарау барысында судьяға тек төрелік етуші емес, процестің белсенді субъектісі ретінде жаңа міндеттер жүктеуінен көрінеді. ӘРПК-нің 8-бабы судьяның процестегі белсенділігін заң жүзінде бекітеді, аталған бапқа сай, сот істі жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін белсенділік танытуға міндетті. Бұл норма бойынша судья енді дәлелдемелерге тек тараптар ұсынған шеңберде ғана баға бермей, қажет болса өзі де дәлелдеме жинауға бастама жасап, қосымша айғақтарды талап етуге, әкімшілік органнан құжаттар сұратуға, куәларды шақыруға құқылы. Мұндай қағида континенталды құқық жүйесіндегі (әсіресе Германия, Франция) әкімшілік әділеттің классикалық моделімен үндеседі.

ӘРПК-нің 13-бабы 3-тармағына сәйкес, егер жеке тұлға мен мемлекеттік орган арасындағы дауда жеке тұлға әлсіз тарап ретінде көрінсе, сот оған өз құқығы мен міндетін түсіндіруге, дәлелдер ұсынуда жәрдемдесуге міндетті. Бұл – әкімшілік әділеттің әлеуметтік әділеттілікке бағытталғанын білдіреді. Судья мұнда бейтараптықты сақтай отырып, азаматтар құқығы шектелмеуі үшін құқықтық құралдар ұсынуға міндетті.

Судьяның тағы бір міндеті – құқықтық рәсімнің сақталуын қадағалау. ӘРПК-нің 6 және 7-бабы судьяға тараптарға процестік нормаларды түсіндіру, сотқа дейінгі тәртіп сақталғанын тексеру, процессуалдық



әділеттілікті сақтау және негізсіз әкімшілік актілерді заңсыз деп тануға мүмкіндік береді. Бұл – судьяның сот төрелігінің сапасын қамтамасыз етудегі белсенді рөлін айқындайды. ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес, сот дәлелдемелерді ішкі сенім мен заңға сәйкес бағалайды. Аталған қағида судьяның субъективтілігіне жол бермей, құқықтық, фактілік негіздер арақатынасын сақтауына бағытталған.

Дамыған елдер тәжірибиесімен салыстыратын болсақ, Германияның Verwaltungsgerichtsordnung (VwGO) әкімшілік әділет кодексіне сот белсенділігі сот функцияларының бірі ретінде көрінеді. Судьялар дәлел іске асады, мұнда судья контролер рөлін атқарып, әділетті шешімге жетуді мақсат етеді. Қазақстандағы

ӘРПК осы модельдердің ұтымды тұсын біріктіріп, ұлттық ерекшелікке сай бейімделген норма. Судьяның белсенді рөлі кей жағдайда бейтараптық қағидасына қайшы келуі мүмкін. Сондықтан судья тараптардың дәлеліне тең негізде қарауы тиіс, процесс шеңберінен шықпауы қажет, судья тараптың орнына дәлел жинаушыға айналмауы керек.

Әкімшілік әділет жүйесіндегі судья – процестің белсенді әрі бейтарап жетекшісі. Ол құқық бұзушылықты анықтап қоймай, азаматтар құқығының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Судьяның рөлі тек сот төрелігін жүргізу емес, сонымен қатар құқықтық тәрбие беру, мемлекеттің жауапкершілігін күшейту және құқық үстемдігін орнықтырумен тығыз байланысты.

**Н.ЖАМИЛОВ,**  
Ақтөбе облысы  
Хромтау аудандық сотының  
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## Қоғамдық жұмыс құқық бұзушының түзелуіне ықпал етеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Толықтырудың бірі кодекстің 41-бабына қатысты. Яғни «әкімшілік жаза түрлері» деген бапқа 7-1 тармақ енгізілді. Ол 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіледі. Осыған орай, кодекс 914-1- баппен (Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысын орындау) толықтырылды. Яғни, адамды қоғамдық жұмыстарға тарту сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін орындалуға жатады. Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы заңды күшіне енген сот қаулысын, сот әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органға орындау үшін жібереді. Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Жергілікті атқарушы органдар сот қаулысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде құқық бұзушыны шақырып, оның жеке деректерін толтырады. Осыдан кейін құқық бұзушыға қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі мен шарттарын түсіндіреді. Сот қаулысы келіп түскен кезден бастап, үш жұмыс күні ішінде, ішкі істер органдарына оның орындауға қабылданғаны туралы хабарлама жібереді, әрі ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін адам жіберілетіні туралы хабарлама жібереді.

Қоғамдық жұмыстарды орындау графигі мен кезеңділігін жасау, құқық бұзушының қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтару фактісі анықталған кезден бастап, дереу ішкі істер органдарын хабардар ету де жергілікті атқарушы орган құзырында. Бұдан бөлек, жауапты құрылым адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы орындалған кезден бастап, үш жұмыс күні ішін-

де сотқа хабарлама жібереді. Ал ішкі істер органдары хабарлама түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарайды және осы кодексте белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Қоғамдық жұмыс ұсынатын ұйым өз кезегінде азамат орындаған жұмыстардың актілерін жасап, жұмыс істеген сағаттар табелін жүргізеді. Сонымен бірге қоғамдық жұмыстардың орындалуы туралы есепті тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

Қоғамдық жұмыс түріндегі әкімшілік жаза қолданылған адамның да жауаптылығы айқындалған. Олар кодексте белгіленген шарттар мен тәртіпті сақтауға; жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарды орындауға; тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті. Қоғамдық жұмыстың ұзақтығына адамның қоғамдық жұмыс орнына бару мен кері қайту уақыты кірмейді.

Бұл жаза құқық бұзған адамдар үшін жазасын өтеудің тиімді жолдарының бірі болады деп санаймыз. Себебі, айыппұл түріндегі жазаны көптеген құқық бұзушылар табыс көзінің болмауына байланысты өтей алмауда. Ол өз кезегінде құқық бұзушыны әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болады. Яғни, құқық бұзушының жағдайын одан сайын қиындатады. Қоғамдық жұмыстың аты айтып тұрғандай қоғамға да пайдасы бар әрі құқық бұзушының жазасын өтеуіне, түзелуіне, қайта құқық бұзушылық жасамауына ықпал етеді деп сенеміз.

**И. ДОСЕТОВ,**  
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

## Сайлауға қатысуға мәжбүрлеу заңсыз

Конституцияда көзделгендей, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады. Сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы ел Президентін, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, аудан, облыстық маңызы бар қала, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді. Республикадағы сайлау азаматтардың сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді. Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы – республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы болып табылады. Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұй-

ымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде туындаған даулар сот арқылы қаралады.

Сайлау комиссиясының шешіміне, іс-әрекетіне шешім қабылданған немесе іс-әрекет жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзім өткен соң сайлау комиссиясының шешіміне және іс-әрекетіне берілген өтініш қарауға жатпайды.

Әкімшілік-рәсімдік процестік кодексінің 25-тарауында сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау туралы әкімшілік істер бойынша іс жүргізу тәртібі қарастырылған. Сайлауды, республикалық референдумды дайындау және өткізу кезеңінде, сондай-ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде түскен талап қою – бес күнде, ал дауыс беру күніне дейін бес

күнге жетпейтін мерзімде, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындысы жарияланғанға дейін түскен талап қою дереу қаралуы тиіс. Ал, сайлаушылар тізімін түзету қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне жасалған шағымдарды сот түскен күні қарауы тиіс.

Талап қоюды сот талап қоюшының, тиісті сайлау комиссиясы немесе мемлекеттік орган, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органы, кәсіпорын, ұйым өкілінің, прокурордың қатысуымен қарайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланады. Хабарламаны ала тұра аталған адамдардың сотқа келмей қалуы әкімшілік істі қарауға кедергі болмайды.

Талап қою негізді деп танылған соттың шешімі бұзылған сайлау құқығын қалпына келтіру үшін негіз болып табылады. Бірінші сатыдағы соттың шешіміне шешімнің көшірмесі табыс етілген күннен бастап үш күн ішінде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды.

Заңды күшіне енген сот шешімі тиісті мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органына, кәсіпорынға, ұйымға, сайлау комиссиясы төрағасына жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылыққа тартылады.

**Гүлмира МЕКЕМБАЙ**  
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

САРАП

## Халықтың пікірімен санаспай, ісіміз алға баспайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни сот жүйесіндегі реформалардың үздіксіз жалғасып жатқанына қарамастан, респонденттер сенімінде ілгерілеушілік байқалмай отыр. Қайта ол өсудің орнына төмендеп бара жатыр.

Осындайда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есеналиевтің: «Қоғамдық пікірмен санаспай, ісіміз алға баспайды. Өз халқымызға, дәлірек айтқанда, өз ұлтымызға жанымыз ашымай, көсеміз көгермейді» дегені еріксіз еске түседі. Өйткені сот жүйесінің органдарына сенбеу себептері ретінде респонденттердің 13,8 пайызы судьялардың кәсіби деңгейінің төмендігі; 26,3 пайызы бірыңғай сот тәжірибесінің жоқтығын; 10,3 пайызы судьялардың атқарушы билік пен құқық қорғау органдарына тәуелділігін; 11,4 пайызы оларды сыбайлас деп санайтынын; 0,4 пайызы бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерге сүйене отырып осындай тұжырымға келгенін көрсеткен. Яғни ҚР Жоғарғы Сотынан бастап, ҚР Судьялар одағына дейінгі ресми орган мен кәсіби бірлестік жетекшілері үшін респонденттер атаған

мәселелер бойынша жұмыс жүргізу өте маңызды.

Өкінішке қарай, бұл бағыттарда бұған дейін қандай да бір ғылыми зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша қоғамдық талқылаулар жасалып, түйткілді мәселенің түйінін тарқату үшін құзырлы органдарға нақты ұсыныстар жасалғанын қарапайым халық ешқашан естіген де, көрген де емес. Тіпті судьялар сөзі қарсаңында халықтың өзін-өзі басқаруына сеніміне қатысты көкейкесті мәселелерді талқылауға ұсынғандар сөзі көп жағдайда қолданысыз қалып жүргенін олар да байқайды. Сондықтан кейбір судьялар айтып жүргендей олардың жұмысына деген халық сенімін көтеруде заңмен бекітілген құқықтық мәртебенің әсері байқалып отырған жоқ.

Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың: «халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор» деген сөзі еріксіз еске түседі. Осы тұрғыдан алғанда біздің қоғамның міндеті халықтың тілінде сөйлейтін, халықтың пікірімен санасатын сот корпұсын қалыптастырумен тамырлас.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

*Былтырғы қазан-қараша айларындағы зерттеуде халықтың сот жүйесі органдарына сенімі сәуір-мамыр айларындағы зерттеумен салыстырғанда 61,8-ден 62 пайызға, ішінара сенетіндері 25,9-дан 27,1 пайызға өскені байқалған. Сондай-ақ сенбейтін сияқтымын деп екі ойлы боп жүргендері 3,4-тен 3 пайызға, сенбейтіндері 2,9-дан 2,7 пайызға, жауап беруге қиналатындары 6-дан 5,2 пайызға төмендеген еді. Бұл жолы сенетіндер 60,5 пайызды, ішінара сенетіндер 28,5 пайызды, сенбейтін сияқтымын деп пікір қосқандар 3,1 пайызды, сенбеймін дегендері 2,3 пайызды, жауап беруге қиналғандары 5,6 пайызды құрап отыр.*

БІР МҮДДЕ

Ақмола облысындағы жедел басқару орталығының жұмыс жүйесі ел ішіндегі тұрақтылықтың басты кепілі. Бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдардың бірі.

Қазақстанның бейбіт өмірі мен ел ішіндегі берекелі тірлік – мемлекеттік саясаттың басты өзегіне айналған. Бұл ретте заманауи технологияларды тиімді пайдалану арқылы қоғамдық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері әрдайым күн тәртібінде тұр. Бүгінгі таңда бұл мақсаттағы жүйелі жұмыстар еліміздің әрбір өңірінде нақты іске асып жатқаны көңіл қуантады. Соның айқын дәлелі – Ақмола облысындағы жедел басқару орталығының қызметі. Тәртіп сақшыларынан аса үлкен қырағылық пен жауапкершілікті талап ететін бұл қызмет құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам десек қателеспейміз.

Уақыт көшінде көз ілеспес жылдамдықпен ілескен озық технологиялар бүгінде тек өндіріс пен экономиканың емес, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздіктің де басты қозғалысы күшіне айналды. Заң мен тәртіптің сақталуы – әр азаматтың тыныштығы мен өмір сүру сапасының кепілі десек, осы бағытта атқарылып жатқан ауқымды шаралардың бірегейі – жедел басқару жүйелері. Ақмола облысында жұмыс істейтін жедел басқару орталығы осындай жаңашыл құрылымдардың алдыңғы қатарында тұр.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, төтенше жағдайларға шұғыл әрекет ету – бұл орталықтың күн-

делікті атқаратын негізгі міндеттері. Мұнда тәулік бойы үздіксіз қызмет ететін мамандар әрбір күдік тудыратын оқиғаға жіті назар аударып, тиісті шаралардың жедел қолға алынуына жауапты. Сезімталдық пен қырағылық әрі мүлт кетпейтін дәлдік бұл қызметкерлердің ұзақ жылғы тәжірибесінің нәтижесі.


Облыс орталығы – Көкшетау қаласында орналасқан бұл мекеме өзінің техникалық жарақтан-дырылуы мен кәсіби кадрлық құрамының дайындығы бойынша республикадағы үздік үлгілердің бірі саналады. Қаладағы қоғамдық қауіпсіздікке төнетін кез келген қатер осы орталықтың бақылау жүйесі арқылы дер кезінде анықталып, жедел әрекет ету мүмкіндігі туындайды.

Бұл орталыққа тәулігіне 300-ге жуық қоңырау келіп түседі екен. Әрбір дабыл қатаң түрде тіркеліп, дыбыстық жазбасы сақталып алынады. Оқиғаның мән-жайына байланысты аға инспектор дереу тиісті жедел топты оқиға орнына бағыттайды. Мұның өзі халықтың полиция қызметіне деген сенімінің артып келе жатқанын тағы бір мәрте айғақтай түседі.

– Бұл салада қызмет ету – жай жұмыс емес, күнделікті өмір салты. Әр күн – жаңа сынақ, жаңа жауапкершілік толы болады. Сондықтан біз барынша шапшаңдықпен, үлкен сергектікпен әрекет етеміз, – дейді бейнебақылау инспекторы Самат Ахметов.

Қала аумағында бүгінде 300-ге жуық стационарлық және қозғалмалы бейнебақылау камерасы орнатылған. Олар тек жол қиылыстары мен көшелерді ғана емес, әлеуметтік нысандар мен адам көп жиналатын орындарды да толықтай қамтиды. Бұл жүйе құқық бұзушылықтың

# Жедел басқару орталығының жұмысы жүйелі



алдын алуда әрі кінәлі тұлғаларды анықтауда айтарлықтай дәлел бола алады.

Жаз мезгілінде ұсақ құқық бұзушылықтар, велосипед ұрлығы сияқты оқиғалар жиілейтін ескерсек, бейнебақылаудың дәлдігі – полиция жұмысының нәтижелілігін айқындайтын маңызды құрал. Ал биылдан бастап қолданысқа енгізілген «Target Eye» атты интеллектуалды жүйе – бейнебақылау мүмкіндіктерін мүлде жаңа деңгейге көтеріп отыр. Аталған жүйе адамның бет-жүзін 99 пайыз дәлдікпен тани алады. Бұл – әсіресе вокзал, әуежай және сауда орталықтарында құқық бұзушылықты болдырмауда аса тиімді шешімге айналған.

Жедел басқару орталығының маңызды бағыттарының бірі – автотпатруль топтарының қозғалысын нақты GPS жүйесі арқылы бақылау. Бұл тәсіл – оқиға орнына шұғыл жету мен жедел әрекет ету уақытын барынша қысқартуға жол аша-

ды. Инспектор Ержан Әлібековтің айтуынша, әрбір патруль тобының қозғалысы нақты тіркеліп, олардың тиімділігі жіті бақылауда болады.

Орталық сондай-ақ медицина мекемелерімен және төтенше жағдайлар қызметімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұл – күрделі жағдайларда кешенді түрде әрекет етуге және адам өмірін сақтап қалуға зор мүмкіндік береді.

Жедел басқару орталығында күн сайын келіп түсетін ақпараттар ағынын саралап, оны тиісті органдарға жедел жеткізу – кәсіби дағды мен мұқияттылықты талап ететін аса жауапты жұмыс. Мұндағы мамандар тек техникалық біліммен ғана емес, үлкен ішкі мәдениет, жоғары жауапкершілікпен қызмет етеді.

Ал осы міндетті жүйелі үйлестіріп отырған құрылым – жедел басқару орталығы. Бұл – тек техникалық мекеме емес, қоғамдық тұрақтылықтың, азаматтық тыныштықтың, мемлекеттік беделдің

басты кепілі десек артық айтқандық болмас.

Ақмола облысындағы жедел басқару орталығы – еліміздегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің жақын үлгісіне айналған. Терроризм мен экстремизм, есірткі айналымы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, адам саудасы сияқты бүгінгі қоғамның аса өткір мәселесіне айналған қатерлі құбылыстармен күресте бұл мекеменің маңызы аса орасан. Бүгінде бұл орталық – тәртіп пен тұрақтылықтың тірегі, қауіпсіздік пен сенімнің символы.

Мемлекет тарапынан құқық қорғау саласына жасалып отырған қолдау – техникалық базаны жаңартудан бастап, кадрлық әлеуетті арттыруға дейінгі ауқымды шараларды қамтиды. Ал осы қолдаудың нақты жемісі – жедел басқару орталығының табысты қызметінен айқын көрінеді.

*Тәртіп пен тұрақтылық – дамыған мемлекеттің басты көрсеткіштерінің бірі. Ақмола облысындағы жедел басқару орталығының қызметіне үңіле отырып, біз Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу жолында сенімді қадам жасап келе жатқанын аңғарамыз. Бұл – тек өңірлік құрылым ғана емес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы зор мекеме. Елдің әрбір азаматы үшін тыныш таң мен бейбіт кештің кепілі – осындай кәсіби құрылымдардың жанқиярлық еңбегінің арқасына орнығатынын екенін ұмытпайық.*

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## Еңбек алаңындағы заңбұзушылыққа жол берілмейді

Халықтың құқықтық сауаттылығының артуы мемлекетте демократиялық және азаматтық қоғамды қалыптастырудағы аса маңызды шарттың бірі екені рас. Өйткені, заң мен тәртіп қағидасы қаншалықты іс жүзінде орындалса, соғұрлым мемлекеттің іргетасы да берік болмақ. Елдің заңнамалары тек құқықтық актілер мен баптардың жинағы ғана емес, қоғамдағы әрбір адамның ой-санасында, күнделікті өміріндегі дағдысында, ортақ құндылығында көрініс табатын рухани әрі әлеуметтік құбылыс, тіпті мемлекеттің алға дамуына тиісті бағыт-бағдар беру де елдің құқықтық тұрғыда қалыптасуына тікелей байланысты. Құқықтық мәдениеті жоғары елде ғана әділеттік салтанат құрып, қоғам тұрақты дамиды. Бұл бағытта Шымкент қаласында соңғы жылдары жүйелі әрі кешенді жұмыстар атқарылып келе жатқанын атап өткен жөн...

Қоғамда заңның үстемдігін қамтамасыз ету, әділеттілікті орнықтыру, құқық бұзушылыққа «нөлдiк төзімділік» саясатын қалыптастыру, «Қауіпсіз қоғам» жобасын жүзеге асыру тәртіп сақшыларымен қатар барлық салада қоғам өкілдерінен аса зор жауапкершілікті талап

### ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ТӘРТІП – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Еңбек алаңындағы тәртіпті сақтау құзырлы органдардың бірлесіп жүргізген әрекеттерімен жүйелі түрде жүзеге асырылып та жатыр. Мәселен жуырда өткен баспасөз

дысын жариялаған еді. Өңірдегі бас еңбек инспекторының айтуынша жүргізілген жұмыстардың арқасында еңбек адамдарының құқықтары, заң қағидаларына сәйкес іс жүзінде қорғалды.

Департамент деректеріне сенсек, есептік кезеңде қала аумағында 222 тексеру жүргізіліп, 162 заң бұзушылық анықталған. Оның 140-ы толық жойылып, 16-сы қаралу сатысында болса, қалған 6 іс сот орындаушыларының өндірісінде тұр. Бұл – жай ғана статистика емес, еңбек қатынастарындағы тәртіпті сақтау және жұмыскерлердің құқығын қорғау бағытында қабылданған нақты шаралардың нәтижесі. Құзырлы органның тексеріс қорытындысы бойынша еңбек заңнамасын бұзған 59 тұлғаға әкімшілік іс қозғалған. Бұл көрсеткіш жұмыс берушілерге заң талаптарын мүлтіксіз орындаудың қажеттігін тағы бір мәрте еске салады.

### ЖАЛАҚЫ БЕРЕШЕГІ – НАЗАРДАҒЫ МӘСЕЛЕ

Шаһарда жалақы бойынша қарыз мәселесі әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған. Қазіргі таңда Шымкент қаласының 13 кәсіпорнында 90 жұмыскерге 133,46 млн теңге көлемінде берешек бары анықталды. Оның ішінде 3 кәсіпорнында 14 жұмыскерге 29,4 млн теңге көлемінде ағымдағы жалақы қарызы тіркелген болып шықты. Қабылданған шаралардың арқасында 170 жұмыскердің құқығы қорғалып, 60,4 млн теңге өтелген. Бұл – құқық қорғау және бақылау органдарының еңбек қатынастарындағы әділеттілікті қамтамасыз ету жолындағы бірлескен жұмысының айқын көрінісі.

### ӨНДІРІСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК – «ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ» ТҰҒЫРЫ

Еңбек қауіпсіздігін сақтау – тек еңбек заңнамасының талабы ғана

емес, «Қауіпсіз қоғам» құрудың негізгі алғышарты десек қателеспейміз. Есептік кезеңде 13 өндірістік жазатайым оқиға тіркеліп, 9 жұмыскер ауыр жарақат алған. Оқиғалардың негізгі себептері жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер, өндіріс орындарындағы жұмысшылардың абайсыз әрекеті, жол-көлік апаттары болып отыр. Бұл деректер жұмыс берушілердің өндірістегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажеттігін және жұмысшылардың сақтық мәдениетін арттырудың маңызын көрсетеді.

Ведомствоның мәліметтеріне сенсек, тек жыл басынан бері ғана мемлекеттік еңбек инспекторлары 1 512 арыз-шағымды қараған. Әрбір өтіншке заң аясында дер кезінде жауап берілді. Сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тақырыбында семинар-кеңестер тұрақты өткізіліп келеді.

### ЖАҢА ЗАҢ – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІН КҮШЕЙТЕТІН ҚАДАМ

Шымкентте жақында бет-жүзді толық тұмшалайтын киім түрлеріне тыйым салатын заң нормасы түсіндірілді. Прокуратура, дін істері басқармасы, теологтар мен заңгерлер қатысқан жиында заңның мәні мен мақсаты ашық айтылды. Осы жылдың 30 маусымында қабылданып, 12 шілдеден бастап күшіне енген заңға сәйкес, қоғамдық орындарда адамның бетін тануға кедергі келтіретін киімдерді киюге тыйым салынады. Бұл талап қызметтік міндеттерді орындау, медициналық мақсаттар, ауа райының қолайсыздығы немесе спорттық-мәдени шаралар кезінде қолданылмайды. Шымкент қалалық дін істері басқармасының басшысы Бақтияр Өнербаевтың айтуынша жаңа заң діни наным-сенімдерге қысым жасау үшін

емес, тек бетті жабуға тыйым салуға бағытталған.

– Бұл заң ең бастысы қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген. Дәстүрлі діни киімдерге шектеу жоқ, тек бетті толық жабатын үлгілерге ғана тыйым салынады. Исламда да бет жабу парыз емес, – дейді Бақтияр Өнербаев.

Заңгерлер де осы норманы дұрыс түсіндірудің маңызы жоғары екенін атап өтті. Мұндай шаралар қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, азаматтар арасында өзара сенімді нығайтуды көздеген.

### «ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ АРТТЫРУ» – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Шымкент қаласында құқықтық бағытта атқарылып жатқан іс-шаралар кешені аймақта іс жүзінде заңның үстемдігі мен әділеттілікті қамтамасыз ету, «Нөлдiк төзімділік» саясатын орнықтыру, қоғамды кез келген құқық бұзушылыққа қарсы қою, қауіпсіз еңбек ортасын құру, халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы дамыту, алкоголь мен темекіге тәуелділікпен күрес, «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын түсіндіру сияқты аса іргелі міндеттерді қамтиды.

*P.S. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениет – тек заң баптарымен шектелмейді. Ол әр азаматтың жүріс-тұрысында, қоғаммен қарым-қатынасында, тіпті күнделікті өмірде де іс жүзінде көрініс тауып жатады. Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар – осы құндылықтарды нығайтудың нақты дәлелі. Заңға құрмет пен тәртіпке адалдық болғанда ғана қауіпсіз қоғамның іргетасы қаланбақ. Ал қауіпсіз қоғам – әрбір қазақстандықтың лайықты өмір сүруінің кепілі...*

**Майра ТОҚАНОВА,**  
Шымкент қаласы



етеді. Бұл міндеттер мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы құрылымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен азаматтық қоғам өкілдері бірлесіп әрекет еткенде ғана оң нәтижелі болмақ.

брифингінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті басшысы Жеңіс Мақұлбаев жеті айдағы жұмыс қорытын-

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

# Кодекс талаптарын сақтау мемлекеттік қызметтің мәртебесін күшейтеді



Қазақтың маңдайалды жазушысы Шерхан Мұртаза «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген екен. Дәл осы тіркес еліміздің бас құжаты – Конституцияға қарап айтылғандай. Конституция шын мәнінде әр мемлекеттің құқықтық қорғаны, елдегі теңдік пен еркіндіктің, әділдік пен заңдылықтың негізі. Мұнда ең алдымен азаматтардың өмірі мен бостандығын бағалауға, басты құндылық ретінде дәріптеуге басымдық берілген. Сонымен бірге, мемлекеттің дамуы мен өркендеуі үшін елдегі барлық қарым-қатынасты заңдық тұрғыдан реттеуге, әр құрылымның жұмысын жүйелеуге назар аударылған.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің негізгі функциясы мемлекеттік қызметшілерге Қазақстанның мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау бойынша консультациялық көмек көрсету және мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал ету.

Құқық бұзушылықтардың алдын алудағы бірден бір тиімді құрал – түсіндіру жұмыстары. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінде түсіндіру, оқыту мәселелері бойынша іс шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Жақында тағы бір маңызды басқосу қолға алынып, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы және мемлекеттік қызметте болуға бай-

ланысты шектеулерді сақтау:

- 1) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысу;
- 2) кәсіпкерлік қызметпен айналысу;
- 3) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғаның істері бойынша өкіл болу;
- 4) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалану;
- 5) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі

келтіретін әрекеттерге қатысу;

б) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдаланудың заңдылығы түсіндірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын сақтау, мүлікті сенімгерлік басқаруға беру мәселелері бойынша оқыту жұмыстары ұйымдастырылды.

Департамент қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларға енгізілген өзгерістер, іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, ойын мекемесіне барудан тартыну және әріптестерге өзінің діни нанымдарын таңбау, қол астындағы қызметшілерді діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары қолға алынды. Аталған бағыт бойынша алдағы уақытта да жұмыс жалғасатын болады.

**Нұржан УЗБЕХАНОВ,**  
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті басшысының міндетін атқарушы**

КИЕ

Тіл – мемлекеттің ішкі бірлігін нығайтатын, әлеуметтік статусын айқындайтын құрал. Оның пәрмені халықтың мемлекеттік тілді тұтынуынан, қолданыс тіліне айналдыруынан, қоғамдық қажеттіліктердегі қатынасынан көрінеді. Мемлекеттік тілі мығым, қолданысы кең елдің еңсесі де тік, сөзі өтімді, талабы қауқарлы.

## ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢ ТІЛ ҒАНА ТҰҒЫРЛЫ

Күнделікті ресми жиындарда айтыла бергенімен, осындай заңдылықтар тұрғысында шынайы саралаған сәтте мемлекеттік тілдің қауқары қаншалықты мықты, қаншалықты тегеурінді, айбынды?! Әрқайсымыз өзімізге осы сауалды қойған сәтте, әрине, ең алдымен «Туған тіліміздің тұғырлы болуына мен қандай үлес қоса алдым?» деген сауалдың да қойылуы орынды. Бұл әсіресе мемлекеттік қызметтегі кез келген лауазым иесінің азаматтық парызы іспетті. Себебі қарапайым халық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы биліктің қолданысындағы тілге қарай иек артады. Осы тұрғыда, Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл есебіндегі пәрмені үстем болуы керек.

Кейінгі жылдары бұл мәселе тұрғысында кез келген мемлекеттік мекемелерде, атқарушы билікте алға ілгерілеу байқалады. Ол сапта, әрине,

алға жауап іздер болсақ, жіптің бір ұшы азаматтарымыздың өзіне келіп тіреледі. Тіл жалпыхалықтық қолданыста болғанда ғана өшпейді, керісінше, қоры ұлғайып, құнары арта түседі. Осы тұрғыда алдыңғы буын, елдің кез келген ұлтшыл азаматы қазақ тілін өзінің негізгі қолданыс тіліне айналдыруы шарт. Отбасында да соны талап етіп, жас ұрпағына қазақ тілін аманаттай алғаны абзал.

Талап бар жерде ғана нәтиже болады. Әрбір азамат ел алдындағы азаматтық парызы, перзенттік борышы ретінде қазақ тілінің қолдануын мәдениетті талап ете алғанда ғана ол тіл жалпыхалықтық қолданысқа енеді. Балабақша, мектеп – тәрбие бастауы десек, тілдік қолданысты осы тәрбие мектептерінен бастағанымыз абзал. Сырт көзге ұраншыл, шынайы істе дәрменсіз болсақ, қазақ тілінің мемлекеттік статусы әлсірей береді. Сон-



қазақстандық сот жүйесі де алдыңғы орында. Қазір сот саласындағы кез келген іс қағазы мемлекеттік тілде толтырылады. Талап қоюшы қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасап, арыз-шағымын да мемлекеттік тілде толтыра алады. Сандық жүйе, цифрлы форматтың, ақпараттық технологияның да тілі мемлекеттік тілде еркін қызмет көрсетуге көшкен.

Тілдік қолданыстың кеңейген, мүмкіндіктердің молайған шағында тілдік кемсітушілік неден туады деген сау-

дықтан тілдің тұғырлы, мәртебелі болуы әрбір азаматтың қайраткерлігіне байланысты.

Мемлекеттік қызметтегі кез келген қызметкер қазақ тілін ең негізгі тұтынушы, қызмет көрсетуші тіліне айналдыруы шарт. Мемлекеттік тіл қолданыстағы тілге айналған кезде сапасы артады, мерейі өседі.

**Айгүл ХУДИБАЕВА,**  
**Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

МЕРЕЙ

## ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Қазақстан көпұлтты, түрлі мәдениет пен тіл өкілдері тату өмір сүріп жатқан мемлекет. Еліміздің тәуелсіздігі мен біртұтастығының басты тірегінің бірі – мемлекеттік тіл. Сондықтан мемлекеттік тілге құрмет көрсету – әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы.

Тіл – ұлттың жаны, рухани байлығы, тарихи мұрасы. Халықтың тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен болмысы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Қазақ тілі ғасырлар бойы қалыптасқан, бай, көркем әрі терең мағыналы тілдің бірі.

Мемлекеттік тілді құрметтеу алдымен оны үйренуден, қолданудан және насихаттаудан басталады. Бұл тек қазақ ұлтының ғана емес елімізде өмір сүріп жатқан әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттік мекемелерде, білім беру орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнама мен құжат айналымында қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту тілдің мәртебесін арттырады.

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан олар мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, оны өз ортасында қолдануы тиіс. Қазіргі таңда қазақ тіліне деген қызығушылық артып келеді. Әлеуметтік желілерде, өнер мен мәдениет саласында қазақ тілінде контент көбейіп, жастар арасында тілді қолданысқа енгізу үрдісі байқалауда. Бұл қуантарлық жағдай. Сондықтан мемлекеттік тілдің дамуын жан-жақты қолдау баршамыздың абыройлы міндетіміз деп түсінген абзал.

Президентіміздің тіл мәселесіне айрықша мән беріп отырғаны белгілі. Жалпы мемлекеттік тілдің дамуына бірінші кезекте

мемлекеттік қызметшілердің тигізер көмегі мен ықпалы орасан зор. Өйткені мемлекеттік саясатты іс жүзінде асыратын негізгі буын осы болғандықтан, қарапайым халық әсіресе жастар шенеуніктерге қарайды, солардың кәсіби біліктілігіне қарап билікті бағалайды.

Бүгінгі күнде сот саласында мемлекеттік тілді дамыту, іс жүргізу тілін толықтай мемлекеттік тілге көшіру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Оның бірден бір дәлелі ретінде Ақтөбе облыстық соты мен Ақтөбе облысы әкімдігінің арасында мемлекеттік тіл саясатын дамыту саласындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумды іске асыру аясында, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, судьялар мен сот мамандарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін одан әрі арттыру мақсатында, Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында Қазақ тілі кабинеті ашылды. Сонымен қатар осы сотта шығыс және ішкі құжат айналымының 100% мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету бойынша кеңсе тарапынан тоқсан сайын талдау жүргізіліп, мемлекеттік мекемелермен, адвокаттармен, заң консультанттарымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып келеді.

Осы сотта соңғы үш жылда қаралған істердің статистиалық көрсеткішіне қарап көрейік. 2023 жылы сот өндірісіне 677 іс түсіп, оның тек 102-сі мемлекеттік тілде берілген. 2024 жылы түскен істердің саны 909 болса, оның тек 142-сі мемлекеттік тілде екен. Ал 2025 жылдың 7 айында түскен істер саны 886-ға жеткенімен, оның мемлекеттік тілде берілгені 188 ғана. Әрине, қуантарлық жағдай емес. Дегенмен алға жыл-



**С. ТАБАНОВ,**  
**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

жу байқалады. Бұның барлығы мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмыстардың әсері деп ойлаймын.

Бұл жерде сотқа әкімшілік талап қою берген тараптардың рөлі орасан зор. Көп жағдайда әкімшілік талап қоюды адвокаттар, заң консультанттары беріп жатады. Әрине, бұл олардың құқықтары. Дегенмен олар мемлекеттік тіл өзімізге ғана керек екенін ескерсе екен деймін.

Сөзімді қорытындылай келе, мемлекеттік тілге құрмет бұл жай ғана сөз емес, нақты әрекет. Қазақ тілін білу тек білім ғана емес, бұл елге, тарихқа, болашаққа деген құрмет. Әр азамат өзінен бастап, тілді ардақтап, қолданса тілдің болашағы зор болмақ. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ұмытпайық. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп бекер айтпаса керек!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЫЛЫ

## ЕРІКТІЛЕР ӘРІПТЕСТІК ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ ЕМЕС

Халықаралық волонтерлер жылына дайындық аясында ҚР Ұлттық ұйымдастыру комитетінің екінші отырысы өтті. Күн тәртібінде жыл тұжырымдамасына қатысты негізгі мәселелер қаралды. Құжатта волонтерлік қызметтің Тұрақты даму мақсаттарына қосатын үлесін көрсететін басым бағыттар мен мақсат-міндеттер айқындалған.

Тұжырымдамаға сәйкес, жылдың бірыңғай идеологиялық «Бірге – тұрақты болашақ үшін!» ұраны белгіленді. Онда волонтерлердің Тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы рөліне баса назар аударылады. Сонымен қатар, отырыс барысында алдағы кезеңге арналған негізгі стратегиялық құжат – Ұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлеу мәселесіне ерекше назар аударылды.

Жиынға БҰҰ Еріктілер бағдарламасының штаб-пәтерінен келген делегация қатысты. Бұл – халықаралық қолдаудың жоғарғы деңгейде екенін айғақтайды.

Сапар аясында БҰҰ Даму бағдарламасының өкілдерімен жеке кездесу өтті. Онда Қазақстан мен БҰҰ арасындағы волонтерлік бағыттағы әріптестікті кеңейту перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, волонтерлік қызметтің әлеуметтік-экономикалық дамуын күшейтуге бағытталған Толық қаржыландыру бағдарламасын іске асыру мәселелері көтерілді.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі**

## МЕЖЕ

Алматы әкімі Дархан Сатыбалды Бостандық ауданының басшысымен бірге жиын өткізіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылым және әлеуметтік саладағы түйткілдерді талқылады.

## ТҮРҒЫНДАР ӨТІНІШІ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАСЫН!

Әкім аппараты жүргізген талдау бұл аудандағы бірқатар жүйелі мәселені ашып көрсетіп отыр. Соның ішінде ауызсу, жол және әлеуметтік инфрақұрылым сияқты басты қажеттіліктерге қаржы жетіспейді, халықпен байланыс нашар. Тұрғындардың өтініші атүсті қаралады, бұл жергілікті билікке деген сенімді төмендетеді. Кейбір

мектеп пен медицина мекемесінің жай-күйі, әлеуметтік нысандарды жаңарту мерзімінің созылуы, көшкін қаупі бар аумақтар мен өртке қарсы су жүйесін қамтитын кешенді қауіпсіздік шараларының болмауы да алаңдатады. Ал қылмыс деңгейінің өсуі, соның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы заңбұзушылықтар, полицияның алдын алу шараларының әлсіз екенін аңғартады.

Дархан Сатыбалды жауапты тұлғаларға анықталған мәселелерді жедел шешіп, нәтижесін қысқа мерзімде баяндауды тапсырды.

Сонымен бірге, қала басшысы бюджет қаражатын үнемді пайдалану қажеттігін және жұмыс жоспарлау кезінде алдын алу шаралары мен инфрақұрылымды уақытты жаңартуды ескеру керек екенін де баса айтты.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
**«Заң газеті»**

## ИГІ ІС

## ҮЛГІЛІ ПОЛИЦЕЙЛЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫНА АЛҒЫС ЖАРИЯЛАНДЫ

Балаңның ісімен, ұрпағының жеңісімен мақтанғанға не жетсін. Тәрбиелі бала – ата-ананың абыройын арттырады. Өнегелі отбасынан шығып, ортасына үлгі болып жүрген мамандарды қолдаудың маңызы мен мәні зор. Түркістандық полиция қызметкерлері де бұл қағиданы назардан тыс қалдырмаған.

Жақында Түркістан облысы Полиция департаментінде «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында әрі жеке құрамның моралдық-психологиялық ахуалын көтеру мақсатында жиын өтті. Жиынға Түркістан қаласы ІІО ардагерлер кеңесінің төрағасы Батырхан Сансызбаев және Кентау қаласы ІІО ардагерлер кеңесінің төрағасы Би-

махан Советұлы мен департамент басшылығы және жеке құрам қызметкерлері қатысты.

Шарада қызметтеріне адал, еңбекқор және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жолында жоғарғы нәтижеге қол жеткізген жеке құрам қызметкерлерінің ата-аналары марапатталды. Ең алдымен қатысушыларға Полиция департаментінде атқарылған іс-шаралар туралы бейнеролик ұсынылды.

«Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отаныңды жеткілікті дәрежеде сүйюің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет», – деді жастарға арагерлер кеңесінің төрағасы Б.Сансызбаев.

Өз кезегінде жеті полицейдің ата-анасына департамент басшысы Мұрат Қабденовтің атынан алғыс жарияларын, осындай батыл да білімді тәртіп сақшыларын тәрбиелеп өсіргені үшін алғыс хат табысталды.

**Раушан НАРБЕК,**  
**Түркістан облысы**

## ЖАРНАМА

### МҰРАГЕРЛІК

2. 21 мамыр 2021 жылы қайтыс болған Мәлік Нұрасыл Ерланұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

3. 2025 жылдың 14 ақпанында қайтыс болған азамат Тоқмырзаев Дәулетбайға қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Ұялы тел. 8 701 474 35 02.

### ТАРАТУ

4. «ЖК Газ» ЖШС (БСН 181040031413) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр Хан даңғылы, 53-үй, 16-пәтер, тел. +7 771 021 55 55.

5. «DURYS JOL» ЖШС (БСН 220940017745)(Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Сульхи Лутфулин көшесі, 8-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек Жолы 53.

6. «JETISUIOGISTICS» ЖШС (БСН 230340039131)(Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Алтынкөл станциясы, 1-көше, 10-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек Жолы 53.

7. «Күмісбай» ЖШС (БСН 211240001992) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 26-шағынаудан, 3-үй, 13-пәтер.

8. «Әжмұхамбет» ЖШС (БСН 211140028237) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 26-шағынаудан, 3-үй, 13-пәтер.

10. «WebiTap» (Вебитап) ЖШС (БСН 1903400001666) (ШҚО, Өскемен қаласы, Протозонов көшесі, 83-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Протозонов көшесі, 83-үй, 414/1 кеңсе, тел. 8 705 176 2310.

11. «Туберкулез және жұқпалы аурулар» Қайырымдылық корпоративтік қоры (БСН 090640008260) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Жансүгіров көшесі, 1-«Б» үй, тел. +7 702 612 02 44.

17. «Белес» аралас түрдегі Ауылшаруашылығы серіктестігі (БСН 050540010569) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Зеленов ауданы, Белес ауылдық округі, Белес ауылы, көше атауы мен үй нөмірі жоқ.

18. «Бура-Б» ЖШС (БСН 120640012336) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Сокол көшесі, 61-үй.

20. «Stroy Али» ЖШС (БСН 220440054781) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Амангелді ауылы, Алтынсарин көшесі, 39-үй.

21. «Ломбард Gold Time» ЖШС (БСН 101240002145) ломбардтардың қызметіне лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігіне ерікті өтініш жасағаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр Хан даңғылы, 31-үй, 3-пәтер, индекс 030000.

23. «Шәмил-Дүрия» ЖШС (БСН 190340024867) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылдық округі, Ескі Шілік ауылы, Исаев Садыр көшесі, 71-үй, индекс 160713.

24. «ALMATY TUTORING (AT)» ЖШС (БСН 160440015688) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 51/78 үй, тел. +7 701 111 0858.

25. «Универсалстрой К» ЖШС (БСН 170740025965) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Майлин көшесі 57А, тел. +7 705 800 4086.

26. «Рынок Ашық Жол» ЖШС (БСН 130940009011) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Сырым Датұлы көшесі, 49, тел. +7 705 960 3963.

27. «КиТ KZ group» ЖШС (БСН 230540024567) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, 1 мамыр көшесі, 90/2, 204-кабинет, тел. 8 714-56-87-54.

19. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 26.08.2025 жылы сағат 11:00-де Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады: 1-лот: BMW / 540i, маркалы автокөлік, 2022 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 30 506 667 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Алғабас 1/38 п 58. Анықтама телефонды: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZKX.

### ӨРТҮРЛІ

9. Жетісу облысы Кербұлақ аудандық сотымен Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Басши ауылы, Әсембек көшесі, 47 үй тұрғыны арыз беруші Куляш Ахметкалиевна Беделбаеваның арызымен 1964 жылы 17 мамырда туған жолдасы Канат Сламбекович Беделбаевты қайтыс болды деп жариялау туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалған.

Кімде-кімге 1964 жылы 17 мамырда туған Канат Сламбекович Беделбаевтың жүрген жері мәлім болса, жарияланым берілген күннен бастап 3 ай мерзімде Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Пушкин көшесі, 4 үйде орналасқан Кербұлақ аудандық сотына байланыс телефоны нөмірлеріне +7 (72840) 3-42-93, +7 702 526 21 32, эл.поштаға: 719-3460@sud.kz ол туралы хабарлауды сұраймыз.

12. «Салем Кредит» МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 09.08.2025 жылғы №24 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 469/5 үй, 3-қабат, 303 кеңсе.

13. «SF Offіne» (СФ Оффлайн) МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 09.08.2025 жылғы №30 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 469/5 үй, 3-қабат, 303 кеңсе.

14. «POS Credit» (ПОС Кредит) МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 09.08.2025 жылғы №23 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 469/5 үй, 3-қабат, 303 кеңсе.

15. «Nava Finance» (Хава Финанс) МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 09.08.2025 жылғы №26 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 469/5 үй, 3-қабат, 303 кеңсе.

16. «SF Ломбард» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 09.08.2025 жылғы №1 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 469/5 үй, 3-қабат, офис 303.

22. «Аманат» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі жекеменшік мекемесі (БСН 091240010895) қайта ұйымдастырылуына байланысты Республикалық қоғамдық бірлестікке қайта құру жолымен қосылғаны жөнінде хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 13, тел. 313-17-02.

28. Алматы қаласының Алатау аудандық сотында азамат Азербайбаев Нүрзия Қожахметованың мекенжайы: Алматы қ., Шаңырақ-1 шағынауданы, Қаратау көшесі, 11-үй, Азербайбаев Досжан Тлеуғазиничтің, 1974 жылғы 25 ақпанда туған, Шығыс Қазақстан облысының тумасын - қайтыс болды деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Азамат Азербайбаев Д.Т.-ның тұрған жері туралы мәліметі бар, сондай-ақ ол туралы өзге де ақпараты бар тұлғалардан осы жөнінде жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Алматы қаласының Алатау аудандық сотына, мекенжайы: Алматы қ., Шаңырақ-2 шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26, хабарлауыңызды сұраймыз.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**  
«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz  
«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com  
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.  
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.  
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04  
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.  
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.  
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.  
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.  
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. E-mail: zan-at@mail.ru.  
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (712) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.  
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.  
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.  
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78  
ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.  
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.  
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.  
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА!**

(Соңы. Басы № 59,60 сандарда)

\*\*\*

«Саддам Хусейнмен» кездесіп шыққаннан кейін Ахмад маңғаз кейіппен рөлге отырды. Ол ауық-ауық артқы орындық айнасына қарап қойып, қайдағы бір бейшара дәрігерге «Көсемнің» өзімен көрісу қалай әсер қалдырғанын білуге тырысып келеді. Дастан болса керемет таңданған, масаттанған адамның түрін танытуға тырысуда. Мұбараққа келсек, мұның бәрінің оған еш қатысы жоқ адамша отыр.

сейн сізді өзі қабылдап, көмек көрсетуіңізді сұрады ғой.  
– Бірақ бұл бәрібір адамшылдыққа қарсы қылмыс. Мен дәрігер антын бергем, бұл іске мен қатыспаймын.  
– Сіздің бізбен қызметтес болудан басқа амалыңыз жоқ. Бұл қорқыту емес, жай жолдастық ескертпе. Жау да қалғып жатқан жоқ, біздің жоспарымыз жайлы ақпараты бар. Сіздің екі бірдей әріптесіңізді өлтірді ғой. Және бұл шииттердің ісі болуы әбден мүмкін. Олардың тыңшылар торы кең жайылған, яғни мүмкіндіктері де зор. Және, біздің білуімізше, ақпарат КСРО Денсаулық сақтау министрлігінен шығып жатыр. Біз сізбен енді бір шынжырмен байланғанбыз.

КСРО мемлекеті қауіпсіздігінің майоры, Ирак мемлекеті қауіпсіздігінің бар белгілері бойынша полковник шенінен төмен емес, офицерімен үнсіз қол алмасты.  
– Ахмад мырза! Біріншіден, сіздің ұлы ерітіндіңіз бір миллиметрге шаққандағы ұрықтан-дыру тығыздығын есептеп шығару үшін аса күшті микроскоп қажет болады. Зертханада ол табыла ма?  
– Жолдас Теміров, бәрін табамыз, қалағаныңыздың бәрін табамыз!  
– Бірақ мұның бәрі ертең. Тағы біраз заттар қажет болады, олар да табылар деп ойлаймын. Ал қазір, сіз маған Бағдатты, бала кезден көруді армандаған қаланы көрсетесіз бе?  
– Әрине, Дастан Темірұлы! Бүгін, былайша

– Бірінші ереже: қарауыл басшысынан басқа ешкім сізді көрмеуі шарт. Ал ол мәселенің ретін біз келтіреміз.  
– Қандай?  
– Әйелдермен, әрине!  
– Ой, мен жай ойнап айттым ғой.  
– Доктор, доктор! Сіз бен біз дәрігерміз, солай ма? Сондықтан бәрін де ақылға үйлестіре қарауымыз керек, солай емес пе? Ендеше, табиғаттың заңынан аттап өтпейміз.  
Дастан Теміров үнсіз басын изеді. «Тіпті тамаша, сендер енді мені осы бір әлсіз жерімнен де мықтап ұстайтын болдыңдар. Өзіңнің рухани бейнеңді, жолдас Теміров, шапшаң жоғалтып келесің, тым шапшаң...»  
– Иә, қарауыл офицерге ескерткіңіз, маған

# ДИКТАТОРДЫҢ СӘТСІЗ «ІНДЕТІ»

Міне шығыс ертегілерінен есте қалған Бағдаттың қала маңы. Даңғыл жолдан бұрылып, тар, бірақ бетондалған жолға түсіп, бұлар аласа шарбақпен қоршалған балабақша алдына келіп тоқтады. Бәрі әдеттегідей: қақпа, есік, күзетші үйшігі. Белгі салынбаған әскери киім киіп, қолына автомат ұстап, беліне жиырма оқты «Магнум» пистолетін қыстырған күзетші шықты. Дәрігер көлігінен шығып, онымен құшақтаса амандасты, арасында автокөлігіне қарай басын изеп қойып, бір мәселені ұзақ талқыласты. Орнына отыра сала, зыр етіп қақпадан өте бергенде, іште әскери киім киген тағы екі күзетші тұрғанын Дастанның көзі шалып қалды.



«Соғыс кезінде балабақшаға дейін әскери нысанға айналған екен ғой» – деген ой келді чекистке. Балалар мекемесі ғимаратының айналасын кішігірім қалың пальма орманы қоршаған екен. Теміров көліктен шығып, жан-жағына аңырап қарады. «Қызық екен, ғимарат жаңа сияқты, ал ағаштар ескі. О, ал мынау немене? Нысан қоршаудың американдық жүйесі – бейнебақылау камерасы іспеттес, инфрақызыл сәулесімен жұмыс істейтін «Юпитер» белгі беруші ғой бұл. Қоршау бойлай «Егоза» тектес тікенекті сымдардан жасалған жер бетлік тосқауыл және бар. Қысқасы, балабақша емес, нағыз құпия нысанның өзі».

– Қорқатын ештеңе жоқ! Мені елшілікке жеткізіңіз. Іс бітті.

Ахмад қызметкерлер кіретін есікті электронды кілтпен ашып кіргенде, кең дәлізде бұларды капитан погонын таққан офицер қарсы алды. Капитан мен Мұбарақ қалып, Ахмад Теміровпен лифтке бет алды.

– Қорқатын ештеңе жоқ! Мені елшілікке жеткізіңіз. Іс бітті. Дастан Темірұлы, бізді де дұрыс түсінгеніңіз жөн. Егер біз қазір жедел түрде шешім қабылдамасак, Иракқа үш бөлікке бөліну қаупі тұр: шииттер Иранға қосылмақ. Курдтер әне-міне автономия жариялау алдында. Көрдіңіз бе, мен сізбен барынша ашық сөйлесіп отырмын.

– Қазір аздаған саяхат жасап, менің шаруашылығыммен танысамыз.

– Сіздің айтқаныңыздың бәрі полишинелдің құпиясы. Бұл туралы әлемнің барша тілшілері жазып жатыр.

Жапондық шапшаң лифт төмен қарай ысықра зымырап, жолашуыларды нәзік тербетіп жүріп келіп, жұмсақ тоқтады.

– Бірақ мұны мемлекеттің ресми өкілінің аузынан есту мүлде басқа емес пе?

– Мінеки, дәрігер мырза, келіп қалдық! – Ахмад соңына еруін сұрап басын изеді.

– Айырмашылығы қандай?  
– Мен айтқандардың бәрі елдің бірінші тұлғасының аузынан шыққан сөз деп есептеңіз. Президенттің сіздің сыйақыңыз туралы айтқаны есіңізде ме? Міне сол сый жүз мың американдолларын құрайды, қомақты сома.

Ұзыннан ұзақ кең дәліз мүлдем бос. Екі жақтағы қабырғалар ақ май бояумен сырланған. Дәліздің ең алыс түкпіріндегі есікке арабша жазылған тақтайша ілінген, бірақ үстіндегі жіліктер айқастырылған бастың қаңқасының нені білдіретіні түсініксіз. Есікті екінші кілтпен ашқан Ахмад жолсерігін тап осы жұмбақ бөлмеге енгізді.

– Оның маған керекі жоқ, мен онсыз да жаман тұрмаймын.

Бөлме – кәдімгі бөлме, ерекше ештеңе жоқ, кең, едені мен қабырғалары ақ түсті кафелмен жабылған. Қақ ортада сүт зауытында сүт залалсыздандыруға қолданылатын үш тонналық жылу өлшегіш тұр.

– Жарайды, жақсы, сый-марапат мәселелері сосын, істі ойдағыдай тамамдаған кезде қайта қарап, шешерміз.

– Дастан Темірұлы, мынау не деп ойлайсыз?  
– Есіңізде болса, доктор Ахмад, мен эпидемиологпын және санэпидстанция қызметкері ретінде сүт зауыттарын тексергенде мұндай қондырғыларды талай көргем.

– Шешіңіздер, тек менсіз.

– Солайы солай, бірақ біздің жағдайда оған химиялық-биологиялық құрамы жағынан жылу 36.6 градус ағар-ағарға ұқсас ет сорпасы құйылған.

– Дастан Темірұлы, қалай дегенмен, бүкіл Ирак халқының атынан, біз үшін аса қатерлі сәтте, бізге көмек беруіңізді сұраймын. Түсініңіз, сіз болмасаңыз басқа біреу бұл жұмысты атқаруға келісім береді, тек мемлекет пайдасына пайдалануға қажет қымбат уақыт бостан-босқа өтіп кетеді. Мүмкін біздің елдерді байланыстыратын барлық жайтты біле бермейтін боларсыз, сеніңіз, бұл сіздің елге де керек іс. Сіздің басшыларыңыз, естіліңізге сеніп, тура бұйрық бермеген болар. Бірақ, шын мәнінде олар істің жай-жапсарымен жақсы таныс. Оның үстіне соғыс барысының осы нұсқасын бізге ұсынған сіздердің мамандарыңыз екенін ұмытпаңыз.

– Қызық екен! Онда соншама көп не өсіріп жатырсыз?

– Шынында да менің әріптестерімнің ішінен дүниеқұмар біреу табылып, бұларға керектің бәрін жанын сала жүзеге асыруға ғажап емес қой» – деген чекист мәселені бір жайлы қылғанша:

– Дизентерия, ішек сүзегі, сальмонеллез.

– Жарайды, мені иландырдым деп есептеңіз. Айтпақшы, мына термостаттарға қайта отырғызуға қажетті материалды қайдан аласыздар?

– Немене? Бұл нәрсіз індеттер ғой. Олардан не пайда?

– Сіздердің бактериологтар бактерияны тропикалық аурулар лабораториясының Петри шынаяқтарында өсіріп шығарады, ал мұнда біздің зерттеушілер ағар-ағардың жоғарғы қабатын кесіп алады да, құнарлы орталықтағы қондырғыларға тастайды.

– Айтпаңыз. Егер, мәселен, бір өзен бойына бекінген дұшпан әскерінің алдыңғы қатарында, дизентерия және басқа да ішек індеттеріне шалдыққан жауынгерлер шалбарларын түсіріп, бұта-бұтаның тасаларына жүгіріп жүрсе, олардан қандай пайда? Және мынаған көңіл аударыңыз, бұл бактериологиялық қару емес, бар болғаны нәрсіз індет көзі ғана, кір қолдың ауруы. Ал бұдан басқа бірдеңе қолдансақ, бүкіл әлем бізге қарсы шу көтерер еді.

– Бірақ бұл тым ақырын және ұзақ мерзімді процесс қой. Ыстық ауа райы жағдайында судың табиғи қорларын пайдалану тиімді болмас пе еді?

– М-м, бұл пифылдың маңызы бар сияқты, тек теория бойынша ғана. Ағын судың текше метріне жеткілікті биоматериалдың мөлшерін есептеп шығару мүмкін емес. Ал сосын мына қондырғыларда дақылдар өсіп жатқанына сенімдісіз бе? Ұрықтандыру тығыздығы қандай екенін есептедіңіз бе?

– О! Мынау өз ісінің майталманының сөзі ғой. Кәнеки, дәрігер мырза, енді іске кіріселік!

– Қадірлі доктор, сіз мамансыз, билік қолыңызда. Сондықтан да көсеміміз Саддам Ху-

айтқанда, демалыс күні болсын. Қаланы аралайсыз, таныстық үшін аз-маз алып қоямыз. Солай емес пе?

– Кеттік онда! Демалыстың аты демалыс, ал іс ертеңге дейін күте тұрады...

\*\*\*

Бұл Қазақ КСР-ының майоры Теміров Дастанның өміріндегі ең сұмдық түннің бірі болды. Жедел, ең дұрыс, ең сенімді шешім қабылдау керек. Азапты ойлар бірінің соңынан бірі келіп жатыр. Төсекте бір бүйірден екіншіге аунақшығанмен, жағдайыңды Мұбарақ қарауылға білдіруге болмайды. Бағанағы құрылғы қарапайым ішек ауруын таратады десе де, бәрібір оның зардабын болжап білу мүмкін емес. Дені дұрыс адамның үш ұйықтаса түсіне кірмес жағдайларда патогенді бациллар қандай мутацияға ұшырауын кім білген? Соғыс зардабынан ағзалары әлсіреген халық бұған шыдай ала ма? Жоқ! Бұл әзәзілдік жоспарды жүзеге асыруға болмайды. Не істеу керек? Менің жағдайымда, менің мүмкіндіктерімнен не істей қоюға болады? Тіпті табельді тапаншам да жоқ...

– Ұйқы қашып кетті ме? Қатты шаршағанға ұқсайсыз, – доктор Ахмад таңғы ас үстінде қызығушылық танытты.

– Кеше шектен шығып кеткен тәріздіміз. Вискиді, шынын айтсам, өмірімде бірінші ішкенмін. Алайда, мәселе тек онда емес, мен ақша жайлы ойладым. Жүз мың доллар – біздің кеңес рубліне шаққанда онша ірі сома емес және бізде Одақта, оларды ақылмен жұмсауға болады. Былай істесек: ақшаның аз бөлігін осында ұшар алдында, қалғанын Мәскеуде – сіздердің елшілік өкілінің қолынан алсам қайтеді?

Ахмад ойлануы қалды, ойы ұзарған сайын оның бет әлпетінен өркөкіректену және өзіне деген сенімділіктің арта түскені байқалды.

– Ойыңыз дұрыс, Дастан Темірұлы, еңбек бағалануға тиіс, егер бәрі ойдағыдай шықса сіз ерлік жасаған боларсыз. Менің Отаным оны ешқашан ұмытпайды. Сіздің тілегіңізді жүзеге асыруға болады. Сіз аландамай зертханадағы істермен айналаса беріңіз, ал мен бұл уақытта қажетті жерлерге барып, сіздің тілегіңізді орындау жайын ойластырам. Бәрі сіз қалағандай болады. Қысқасы, жұмысты бастай беріңіз.

Теміров «бойлерлік» – деп атау берген жайға микроскоп, жұмыс үстелдерін, зертханалық жылу өлшегіштер, басқа да жабдықтар кіргізіп, орнықтырғанша уақыт түске таапты. Тағы да сол үшеуі: Теміров, Ахмад және Мұбарақ бірінші қабаттағы буфетте тамақтанды.

– Буфетші әйел қайда? – деді ойнақылана сұраған Теміров. – Неге екенін маған буфетшілер ұнайды. Студенттік аш кезеңнен қалған әдет болар.

оның көмегі қажет болып қалуы мүмкін. – Дастан бұйыра сөйледі.

– Сіздің жаныңызда Мұбарақ болады ғой, – Ахмадтың үнінен наразылық сезілді.

– Әрине, бірақ ол кезде Мұбарақтың қолы бос болмай қалуы мүмкін. Жарайды, көре жатармыз.

Ахмад «ғасыр диверсанының» ақшалай сыйлығы мәселесін шешуге жүріп кетті. Дастан мен Мұбарақ «бойлерде» жалғыз қалды. Теміров төрт күшейтілген әскери газтұтқыш сұратып алдырып, микроскопиялық зерттеуге қажетті дәрі-дәрмектер дайындауға асықпай кірісті.

– Мен қазір зерттеуге қажет үлгі алу үшін мына қондырғыны ашамын, ал сіз мені қорғауға әзір болыңыз, пробиркалар қолымнан түсіп кетуі мүмкін. Мұның буы аса қауіпті, сондықтан газтұтқыш киюге тура келеді.

Мұбарақ көз ілеспес жылдамдықпен басына газтұтқыш киіп алды да, су қойманың жанына тұра қалды. «Кешір, мен саған зиян келтіргім келмеді, бірақ осылай істемесем болмайды!» – деген чекист ойша ақталды да, сорлы майдангердің жетінші мойын омыртқасы тұсынан жойқын соққы бергенде, ол еденге құлап түсті. Сосын зор көлемді бактың люктерін ашып, көп күш жұмсап, өлікті ішіне тастады.

Дем алып, тынысын дұрыстағанын, қарауыл шақыру түймесін басты. Капитан есіктен аттай бергенде, Теміров ыммен есікті жап деп белгі беріп, газтұтқышты қолына лақтырды. Капитан тіл қатпастан әскери қорғаныс сайманын басына киіп, ешбір жаман ойсыз «КСРО-дан келген маманның» қасына келді және сол сәтте, киім-кешегін кеңес майорына сыйға тартып, бактың ішіне кіріп жоқ болды.

Дастан зауыт жылу өлшегіштерінің тас қып жауып, жылыту шегін ең жоғарғы деңгейге қойды. Асып кетсе бір сағат арасында мына жұппалы сұйықтық жүз жиырма градусқа дейін ысыды. Ондай ыстыққа тіпті сібір жарасы мен құрт ауруы таяқшалары да өлетіні анық. Әлемнің осы сипаттас мекемелерінің бәрінде орналасқан. Дабыл тыныштықты бұзды. Осы кезге дейін көзге көрінбеген қызметкерлер, бір адамдай газтұтқыштар киіп алып, дәлізге атып шығып, әрқайсысы жан сауғалап кете барды.

Капитан формасын киген Теміров ешбір кедергісіз автөкілетіп тұрағына өтіп, ұнаған көлігін ашып, отырып, үздіксіз сигнал берген қақпаға тура тартты. Газтұтқыш киген күзетші автоматты қақпаның түймесін басты.

Алда шөл даланың бұлдырын кезіп ертегі қала Бағдат елестеді.

**СОҢЫ**

КСРО-ның Ирактағы елшілігінің Бірінші хатшысы, және де КСРО ҰҚК-ның резиденті полковник Виктор Семенов жұмыс үстелінде басын қос қолдап қысып алып, үнсіз отыр. Майор Теміров бастығы ұйықтап кеткен жоқ па дегендей көз қиығымен қарап қояды.

– Сен бізге бас қатырғыш жұмбақ тауып бердің, майор! Сені не істесек екен, ә? «Садик», біз оны мұнда солай атаймыз, сенің қолыңмен ойдан шығарылған бактериялогиялық қару қолданғысы келді дейсің бе? Біз олай келіскен емеспіз! Бұл жерде сенің табанасты қабылдаған шешімің дұрыс та шығар. Әзірге дәлізде жүре тұр, мен Орталыққа қоңырау шалып, баяндайын...

Он минут өтті.  
– Майор, сенікі жүз пайыз дұрыс болып шықты. Үйге ұшасың, бірақ Джидда арқылы. Сауд Аравиясы шекарасына дейін елшіліктің «Мерседес» көлігінің жүк салғышына жайланып жатып барасың. Ал қазір саған шетелдік құжат дайындағанша, біздің буфетке барып, дұрыстап тұрып босансы, стресінді шығар. Жә, сен мені түсінесің ғой, тек тым шамадан шығып кетпе және елші жолдастың көзіне түсіп қалма...  
Қолыңды берші, інішек, дұрыстап бір қысайын!

**Темірболат АХМЕТОВ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

<b>Астана</b>	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
<b>Алматы облысы</b>	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
<b>Ақтөбе облысы</b>	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
<b>Атырау облысы</b>	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
<b>Маңғыстау облысы</b>	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
<b>Қызылорда облысы</b>	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
<b>Түркістан облысы</b>	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
<b>Батыс Қазақстан облысы</b>	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қаблдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklama@zangazet.kz**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5922 дана**  
**Апталық таралым 11844 дана**  
Тапсырыс №122 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31